- сүзгілерді тазалау (ауыстыру) жеңілдігі.

- Өндіруші (жабдықтаушы) қауіпсіздік шараларын қолданбау нәтижесінде тұрмыстық құрылғы бұзылған жағдайда өзінен жауапкершілікті алады.
- Бұл тұрмыстық құрылғы тек тұрмыстық қолдануға арналған. Кез келген өндірістік қолдануға тыйым салынады.
- ҚАУІПТІ және рұқсат етілмеген!!! Осы тұрмыстық құрылғының қандай да бір құрамдас бөлігін өз бетінде модификациялау.
- Қосқан кезде тек жерге қосылған электр розеткасын қолдану керек.
- Бөлмедегі электр кернеу тұрмыстық құрылғы сипаттамаларына сай екенін тексеріңіз.
- Балаларға тұрмыстық құрылғыны өз бетінше қосуға жол бермеңіз.
- Түтін шығарғышты күтуге қатысты қандай да әрекеттерді орындау алдында оның электр қуатынан өшірулі екенін тексеріңіз.
- Түтін шығарғыштың сору қуаты нашарламауы үшін жүйелі түрде алюминий сүзгілерді тазалауды және көмір сүзгілерін ауыстыруды орындап отыру керек.

- Тұрмыстық құрылғының шығаратын құбырында басқа мақсаттағы құбырлармен (мысалы, түтіндікпен, жылыту құбырымен немесе басқа құбырмен) жалпы арнасы болмауы керек.
- Газ плиталарының жанарғыларын ашық жалынмен қалдырмаңыз, бұл түтін шығарғыштың бүлінуіне әкелуі мүмкін.
- Егер қандай да ақаулар пайда болса, сервистік қызметке хабарласыңыз.

Жалпы кескін сіздің  
үлгіден басқаша  
болуы мүмкін



## Сипаттама

1. Алюминий май сүзгілері
2. Көмір сүзгілері (рециркуляция режимі үшін)
3. Түтін шығарғыштың күмбезі
4. Негізгі шығаратын буын
5. Қосымша шығаратын буын
6. Басқару тақтасы
7. Қашықтан басқару пульті (кейбір үлгілерде)
8. Шыны қақмаңдай
9. Шамдар

## ЖИЫНТЫҚ

<p>Сәндік қорап:  сыртқы — 1 дана, ішкі — 1 дана  Фланец + клапан — 1 дана  Гофра — 1 дана  Бекіткіш — 1 орама  Нұсқаулық — 1 дана  Қорап — 1 дана</p>	<p><b>ABELIA</b> 160/190 GLASS BLACK  <b>ABELIA</b> 160/190 GLASS WHITE  <b>BEGONIA</b> 160 INOX  <b>BERGIA</b> 160/190 INOX  <b>CAMELLIA</b> 160/190 WHITE  <b>GASTERIA</b> 160 INOX  <b>MAGNOLIA</b> 160 IVORY/BLACK  <b>MUSA</b> 160/190 INOX  <b>ROSALIA</b> 160/190 GLASS BLACK  <b>RUTA</b> 150/160/190 GLASS  <b>RUTA</b> 150/160/190 BLACK  <b>TORENIA</b> 160/190 GLASS  <b>VERBENA</b> 160 IVORY/BLACK</p>
<p>Сәндік қорап — 1 дана  Фланец + клапан — 1 дана  Гофра — 1 дана  Бекіткіш — 1 орама  Нұсқаулық — 1 дана Қорап — 1 дана</p>	<p><b>AMARANTH</b> BLACK/WHITE ISLAND  <b>LILIA</b> 135 INOX  <b>LILIA</b> 160/190 GLASS  <b>MILTONIA</b> 135 ISLAND INOX  <b>MILTONIA</b> 160/190 ISLAND GLASS  <b>PETUNIA</b> 160 INOX/BLACK/WHITE  <b>STEVIA</b> BLACK/WHITE</p>
<p>Фланец + клапан — 1 дана  Бекіткіш — 1 орама  Нұсқаулық — 1 дана  Қорап — 1 дана</p>	<p><b>CANNA</b> 260 BLACK GLASS  <b>CANNA</b> 260 WHITE GLASS</p>
<p>Фланец — 1 дана  Бекіткіш — 1 орама  Нұсқаулық — 1 дана  Қорап — 1 дана</p>	<p><b>RUMIA</b> 150 INOX/WHITE/BLACK/IVORY/BROWN  <b>RUMIA</b> 160 INOX/WHITE/BLACK/IVORY/BROWN</p>

<p>Сәндік қорап:  сыртқы — 1 дана, ішкі — 1 дана  Телескоптық түтін шығарғышты бекіту жақтауы — 1 дана  Фланец + клапан — 1 дана  Гофра — 1 дана  Бекіткіш — 1 орама  Нұсқаулық — 1 дана Қорап — 1 дана  Қашықтан басқару пульті — 1 дана</p>	<p><b>SALVIA 190 ISLAND INOX</b>  (қашықтан басқару пульті бар)</p> <p><b>ZINNIA 190 ISLAND GLASS</b>  (қашықтан басқару пульті бар)</p>
<p>Сәндік қорап:  сыртқы — 1 дана, ішкі — 1 дана  Телескоптық түтін шығарғышты бекіту жақтауы — 1 дана  Фланец + клапан — 1 дана  Гофра — 1 дана  Бекіткіш — 1 орама  Шыны — 1 дана (ZEBRINA 190 INSEL GLASS)  Нұсқаулық — 1 дана  Қорап — 1 дана</p>	<p><b>ZEBRINA 160 ISLAND INOX</b>  <b>ZEBRINA 190 ISLAND GLASS</b></p>

### Жұмыс қарқындылығы

- Асүй түтін шығарғышында 2-5 жұмыс жылдамдығы бар (модификацияға байланысты).
- Бірқатар түтін шығарғыштар «Уақыт таймерімен» жабдықталған.
- Тамаз әзірлеу қарқындылығына сәйкес жылдамдықты қолданыңыз.

### Жұмыс режимі


- Асүй түтін шығарғышы екі түрлі режимде жұмыс істей алады — бағытталған және рециркуляция режимі. Бағытталған режим пайдаланылған ауа вентиляциялық шығаратын құбыр арқылы тікелей шығарылған жағдайда қолданылады. Рециркуляция режимі пайдаланылған ауаны сыртқа шығару мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылады.
- БАҒЫТТАЛҒАН РЕЖИМ: бұл режимде тек алюминий май сүзгілері қолданылады.
- РЕЦИРКУЛЯЦИЯ РЕЖИМІ: сүзгілердің екі түрі де қолданылады – алюминий май және көмір. Көмір сүзгілері асүй бөлмесіне қайтадан берілетін ауа иістерін тазалауды қамтамасыз етеді.

**Ескертпе.** Көмір сүзгілерін ауыстыруды 6 айда 1 реттен сирек емес орындау керек.

## MBS түтін шығарғыштарында басқару тақталараның келесі түрлері қолданылады:


- Сенсорлық

### CANNA




- 1 – бірінші жылдамдық
- 2 – екінші жылдамдық
- 3 – үшінші жылдамдық
- 4 – артқы жарық
- 5 – таймер (түтін шығарғышты 5 минуттан кейін автоматты түрде өшіру)

### ABELIA / CAMELLIA / ROSALIA





- 1 – қосу / өшіру
- 2 – жылдамдық
- 3 – жарықтандыру
- 4 – таймер


1 – Ашаны розеткаға қосыңыз. Параметрлер көрсетілген ЖК монитордың артқы жарығы пайда болып, 30 секундтан кейін кетеді.

2 – Өзірлеу беті аумағының үстіндегі жарықтандыруды қосу үшін  , пиктограммасын бір рет басыңыз. Жарықтандыруды өшіру үшін осы пиктограмманы қайтадан түртіңіз.

3 – Мотор жылдамдығын басқаруда 3 деңгей бар: төмен, орташа, ең жоғары.

Төмен жылдамдықты қосу үшін  пиктограммасын бір рет, орташа жылдамдықты қосу үшін екі рет, ең жоғарыға жету үшін үш рет басыңыз. Жұмыс барысында жылдамдықты мүмкін басқару “төмен-орташа-ең жоғары-төмен-орташа...” циклы бойынша орын алады.


4 –  өшіргіш пиктограммасын бір рет түртіңіз, түтін шығарғыш моторы алдыңғы рет жұмыс істеген жылдамдықта жұмыс істей бастайды.

 пиктограммасын қайтадан түртіңіз, мотор өшеді.

5 – Таймер тиісті түйме арқылы сорғыш кез келген жылдамдықта жұмыс істеген кезде ғана іске қосылады. Сорғышты сөндіру уақыты 9 минутты құрайды. Таймерді қосқан кезде, дисплейде минуттардың кері санағы басталады. 9 минут өткеннен кейін, сорғыш автоматты түрде сөнеді. Кері санақ қазірдің өзінде таймер түймесін қайтадан басу осы функцияны өшіреді.


● Электрондық

**ZEBRINA, (MUSA, TORENIA ескі үлгілері үшін)**





- 1 – бірінші жылдамдық
- 2 – екінші жылдамдық
- 3 – үшінші жылдамдық
- 4 – артқы жарық

**MUSA, TORENIA**




- 1 – қосу / өшіру
- 2 – жылдамдық
- 3 – жарықтандыру
- 4 – таймер

- 1 – Ашаны розеткаға қосыңыз. Параметрлер көрсетілген ЖК монитордың артқы жарығы пайда болып, 30 секундтан кейін кетеді.
- 2 – Өзірлеу беті аумағының үстіндегі жарықтандыруды қосу үшін , пиктограммасын бір рет басыңыз. Жарықтандыруды өшіру үшін осы пиктограмманы қайтадан түртіңіз.
- 3 – Мотор жылдамдығын басқаруда 3 деңгей бар: төмен, орташа, ең жоғары. Төмен жылдамдықты қосу үшін  пиктограммасын бір рет, орташа жылдамдықты қосу үшін екі рет, ең жоғарыға жету үшін үш рет басыңыз. Жұмыс барысында жылдамдықты мүмкін басқару “төмен-орташа-ең жоғары-төмен-орташа...” циклы бойынша орын алады.
- 4 –  өшіргіш пиктограммасын бір рет түртіңіз, түтін шығарғыш моторы алдыңғы рет жұмыс істеген жылдамдықта жұмыс істей бастайды.  пиктограммасын қайтадан түртіңіз, мотор өшеді.
- 5 – Таймер тиісті түйме арқылы сорғыш кез келген жылдамдықта жұмыс істеген кезде ғана іске қосылады. Сорғышты сөндіру уақыты 9 минутты құрайды. Таймерді қосқан кезде, дисплейде минуттардың кері санағы басталады. 9 минут өткеннен кейін, сорғыш автоматты түрде сөнеді. Кері санақ қазірдің өзінде таймер түймесін қайтадан басу осы функцияны өшіреді.


**AMARANTH, LILIA, MILTONIA, PETUNIA, STEVIA**

1 ауыстырғыш




- 1 – бірінші жылдамдық
- 2 – екінші жылдамдық
- 3 – үшінші жылдамдық
- 4 – артқы жарық

2 ауыстырғыш



- 1 – өшіру
- 2 – артқы жарық
- 3 – үшінші жылдамдық
- 4 – екінші жылдамдық
- 5 – бірінші жылдамдық





- 1 – таймер  
2 – жарықтандыру  
3 – жылдамдық  
4 – қосу / өшіру

- 1 – Ашаны розеткаға қосыңыз. Параметрлер көрсетілген ЖК монитордың артқы жарығы пайда болып, 30 секундтан кейін кетеді.
- 2 – Әзірлеу беті аумағының үстіндегі жарықтандыруды қосу үшін түймесін бір рет басыңыз. Жарықтандыруды өшіру үшін осы түймені қайтадан басыңыз.
- 3 – Мотор жылдамдығын басқаруда 3 деңгей бар: төмен, орташа, ең жоғары. Төмен жылдамдықты қосу үшін түймесін бір рет, орташа жылдамдықты қосу үшін екі рет, ең жоғарыға жету үшін үш рет басыңыз. Жұмыс барысында жылдамдықты мүмкін басқару “төмен-орташа-ең жоғары-төмен-орташа...” циклы бойынша орын алады.
- 4 – өшіргіш түймесін бір рет басыңыз, түтін шығарғыш моторы алдыңғы рет жұмыс істеген жылдамдықта жұмыс істей бастайды. түймесін қайтадан басыңыз, мотор өшеді.
- 5 – Сағатты/таймерді қолдану :

#### Сағат.

Әдепкі бойынша 12:00 уақыты орнатылған. Дәл осы уақыт түтін шығарғышты желіден әр өшіргеннен кейін пайда болады және оны қайта орнату керек болады.

- 1) Уақыт түтін шығарғыш өшірулі күйде орнатылады.
- 2) Дисплейдің бірінші екі сегменті (сағат) жыпылықтай бастау үшін үстінде саусақты 2-5 секунд бойы ұстап тұрыңыз **00:00**. түймесін басу арқылы сағатты қосуға болады, ал түймесін басқанда сағат азаяды. түймесі “23” мәніне дейін жоғары қарай жұмыс істеуге әкеледі, түймесі мәнді “00” мәніне дейін төмендетеді.
- 3) түймесін қайтадан басыңыз, дисплейдің минуттарға жауап беретін соңғы екі сегменті **00:00** жыпылықтай бастайды. көмегімен дәл осылай әрекет етіңіз (“59” мәніне дейін) және (“00” мәніне дейін).
- 4) түймесін үшінші рет басқанда сіз уақытты орнатуды растайсыз және осы режимнен шығасыз.


#### Кейінге қалдырылған өшіру таймері.

Түтін шығарғыш моторы жұмыс істеп тұрғанда оны өшіру таймерін орнатуға болады.

- Бұл үшін түймесін басыңыз, минуттар түріндегі қажет таймер уақытын көмегімен қосыңыз (немесе көмегімен азайтыңыз. Дисплейдің ақпараттық сегменттерінің ақпаратына **00:00** қараңыз, содан кейін қайтадан басумен таймер параметрлерін растаңыз. На сегменттер дисплея **00:00** дисплей сегменттерінде кері санақ басталады, “00:00” мәніне жеткенде түтін шығарғыш моторы өшеді.


● Механикалық түймелік

**BERGIA, GASTERIA, RUTA, VERBENA**



- 1 – өшіру
- 2 – бірінші жылдамдық
- 3 – екінші жылдамдық
- 4 – үшінші жылдамдық
- 5 – артқы жарық


**MAGNOLIA**



- 1 – Вентиляторды өшіру
- 2 – Вентилятордың төмен жылдамдығын қосу
- 3 – Вентилятордың орташа жылдамдығын қосу
- 4 – Вентилятордың жоғары жылдамдығын қосу
- 5 – Артқы жарықты қосу немесе өшіру


● Механикалық слайдерлік

**RUMIA**



- 1 – үшінші жылдамдық
- 2 – екінші жылдамдық
- 3 – бірінші жылдамдық
- 4 – артқы жарықты қосу
- 5 – артқы жарықты өшіру

**BEGONIA**



- 1 – артқы жарықты өшіру
- 2 – артқы жарықты қосу
- 3 – бірінші жылдамдық
- 4 – екінші жылдамдық
- 5 – үшінші жылдамдық

*Ескертпе. Егер желідегі кернеу тұрақты емес болса, сағат қалуы мүмкін.*

## Түтін шығарғышты күту және профилактикалық қызмет көрсету

- Осы тұрмыстық құрылғының қызмет мерзімін ұзарту үшін оған жүйелі түрде профилактикалық күту жасау керек.

### НАЗАР АУДАРЫҢ!!!

Асүй түтін шығарғышына қызмет көрсету алдында ашаны электр желісінің розеткасынан суырып, электр қуатын өшіріңіз.

**Ескертпе.** Егер аша немесе электр сымы зақымдалған болса, оларды сервисті орталыққа хабарласып ауыстыру керек.

- Түтін шығарғыш корпусының сыртқы беттерін тазалау үшін абразивтік тазалау заттарын, тегістеу щеткаларын, металл жөкелерді және еріткіштерді қолданбаңыз, бұл беттердің түзетілмейтін зақымдарын тудыруы мүмкін.
- Моторға және түтін шығарғыштың электрондық бөліктеріне судың тиюіне жол бермеңіз.

## Сүзгілерді, жарық шамдарын тазалау және ауыстыру

- **Май сүзгісі алюминий қоспасынан жасалған.** Ешқашан оны бөлшектеуге тырыспаңыз.
- Ласталған май сүзгісі қозғалтқыш арқылы ауа ағынын шектейді және оның қызып кету және істен шығу себебіне айналуы мүмкін. Сүзгіде майдың тым көп жиналуы өрт қаупін тудырады.
- Қолдану қарқындылығына байланысты, бірақ айына бір реттен сирек емес, май сүзгісін шығару және тазалау керек. Май сүзгісін тазалағанда келесі ережелерді қатаң орындаңыз:

Сүзгіні температурасы 30°C таза суға салыңыз, жуу затын қосыңыз және 2-3 минутқа жібітіңіз. Қолғап киіңіз және жұмсақ губкамен тазалаңыз. Тазалау процесінде күш салмаңыз, бұл сүзгі торларының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Сүзгілерді ыдыс жуу машинасында жумаңыз.

Содан кейін алюминий май сүзгілерін мұқият жуу және құрғату керек.

- **Көмір сүзгілері** (тек рециркуляция режимінде қолданылады) қайтадан пайдалануға жарамсыз және ауыстырылуы керек. Көмір сүзгілерінің қызмет мерзімі түтін шығарғышты қолдану жиілігіне және әзірленетін тамақ түріне байланысты.

**Ескертпе.** Көмір сүзгілерін ауыстыруды 6 айда 1 реттен сирек емес орындау керек.

- **Жарық шамдарын ауыстыру** тек электр қуаты өшірулі күйде орындалады. Шамдарды ауыстыру үшін май сүзгісін шешу керек. Жаңа шам бастапқы шамның электр параметрлеріне (кернеу және қуат) қатаң сәйкес болуы керек.
- Түтін шығарғыштарда галогендік шамдарды ауыстырғанда тек алюминий рефлекторы (шағылыстырғышы) бар шамдарды қолданыңыз. Дихромдық рефлекторды қолдану электр патронның тым қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Жарықтандыру жүйесі тек тамақ әзірлеу процесінде жұмыс істеуге арналған. Оны бөлмені жарықтандыру мақсатында ұзақ уақытқа қоспау керек.

## Асүй түтін шығарғышын монтаждау

### НАЗАР АУДАРЫҢИЗ!!!






Әр түрлі монтаждау шарттарына байланысты асүй түтін шығарғышы әмбебап бекіту болттарымен жабдықталмайды. Монтаждауды тек өкілетті сервистік орталық маманы орындайды.


- Монтаждауды бастау алдында түтін шығарғыш толығымен жұмысқа қабілетті екеніне және механикалық зақымдар (сызаттар, сүйкелуден ескірген жерлер және т.б.) жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Монтаждауды бастау алдында (түтін шығарғышты вентиляциялық арнаға қосқан жағдайда) вентиляциялық арнаның жұмысқа қабілеттілігіне, табиғи тарту күші бар екеніне көз жеткізіңіз. Тарту күші болмаса, түтін шығарғышты вентиляциялық арнаға қосуға болмайды.
- Вентиляциялық арнаға қосуды жинақтағы диаметрі 150 мм (кейбір эконоом сыныбының үлгілерінде 120 мм) гофро-ауа шығарғышпен орындау керек. Жалғастырғыш тетіктерді және диаметрі азырақ ауа шығарғыштарды қолдануға болмайды. Ауа шығарғыш диаметрін азайту шудың артуына және түтін шығарғыш жұмысы тиімділігінің азаюына әкеледі және түтін шығарғыштың бұзылу (бұл кепілдіктен алуға әкеледі) себебі болуы мүмкін.
- Жинақтағы емес ауа шығарғышты және шаршы немесе тікбұрышты қимасы бар ауа шығарғышты қолданғанда ауа шығарғыштың қимасының ауданы жинақтағының ауданынан кішірек болмауы керек (150 мм шығысы бар түтін шығарғыштарда —  $S = 17700 \text{ мм}^2$ , 120 мм шығысы бар түтін шығарғыштарда —  $S = 11300 \text{ мм}^2$ )
- Түтін шығарғышты рециркуляция режимінде қолданғанда көмір сүзгілерін (жинаққа кірмейді) орнату және ауаның еркін шығуын қамтамасыз ету керек. Жоғарғы карниз бар болған жағдайда онда жинақтағы ауа шығарғышты өткізетін тесік жасау керек.
- Жинақтағы ашасы бар қуат сымын ұзартуға болмайды. Қол жеткізу мүмкін болуы үшін түтін шығарғышты 220 В желіге сәндік қорап артында орналасуы керек (әдетте) жерге қосу бар розетка арқылы қосылуы керек, өйткені түтін шығарғышқа қызмет көрсетудің барлық әрекеттері (тазалау, шамдарды ауыстыру және т.б.) тек түтін шығарғыш желіден өшірулі кезде орындалуы керек.
- Ас үй түтін шығарғышын монтаждау үшін қабырғаның немесе асүй қоршамдарының берік негізі және оған бекітуге арналған сәйкес болттар қолданылады.
- Асүй түтін шығарғышын орнату алдында монтаждау орындалатын орынды мұқият тазалау және бөгде заттарды алу керек.
- Түтін шығарғышты үлгі (әдетте үлгі ретінде қабырғаға бекіту тақтайшалары немесе түтін шығарғыштың орнату тесіктері қызмет етеді) бойынша көлденең жазықтықта (түтін шығарғыш корпусы) және тік жазықтықта (түтін шығарғыштың шығаратын қорабы) монтаждау керек.
- Асүй түтін шығарғышын бағытталған жұмыс режимінде (рециркуляциясыз) қолданған жағдайда вентиляциялық шығаратын құбырда мақсаты басқа құбырлармен (мысалы, түтіндік, жылыту құбыры және т.б.) жалпы арнасы болмауы керек. Вентиляциялық құбырдың иілу бұрышы  $\geq 120^\circ\text{C}$  болуы керек. Түтін шығарғыштың шығару құбырын вентиляциялық үй арнасына қосу алдында сіздің үй басқармаңыздағы маманнан кеңес алыңыз.
- Әзірлеу беті (қыздыру беті) және түтін шығарғыштың төменгі жазықтығы арасындағы ең аз қашықтық келесідей болуы керек:
  - электр плиталар үшін 700 мм;

- газ немесе біріктірілген плиталар/беттер үшін 800 мм.







- Түтін шығарғыш әйнегі мен сол жақтағы және оң жақтағы асүй жиһазы/қабырғалар/ т.б. арасындағы ең аз қашықтық 5 мм болуы керек.
- Құрылғы орнатылатын бөлмені тұрақты түрде желдетіп тұру керек.










### ZEBRINA түтін шығарғышы үшін:





**ZINNIA түгін шығарғышы үшін:**






## ОРНАТУ (СЫРТҚЫ БУЛЫҚ) V-ТӘРІЗДІ ЖАПҚЫШТЫ МОНТАЖДАУ сору үшін AMARANTH / MILTONIA / STEVIA / LILIA / PETUNIA

Егер асханалық ауа сорғышта V-тәрізді етіп жасалған жапқыш 1 болмаса, онда жапқыштың корпусына жартылай дөңгелекті келгенжарты бөліктердіорнатқаныңыз жөн. Суретте V-тәрізді жапқышты монтаждаудың мысалы ғана келтірілген, мұндағы шығу тесігінің түрі нақты үлгісіне және сырт пішініне байланысты келеді.

V-тәрізді жапқышты 1 монтаждау үшін сізге керек, ол:

- Корпустағы 6 екі жарты бөлікті 2 монтаждау;
- Сұққышты 3 жоғары қарай бағыттау;
- Ось 4 корпустағы тесікке 5 орнату;
- Көрсетілген әрекетті екінші жарты бөлікке қайталап жасаңыз.




## ОРНАТУ сору үшін STEVIA / LILIA

1. Орнатпас бұрын құрылғыны сәндіріңіз және оны электр розеткасынан ажыратыңыз.




2. Асханалық ауа сорғышының еңқолайлы болуын қамтамасыз ету үшін ас пісіру бетінен алғандағы ара қашықтығы 65–75 см болатындай етіп орнатыңыз, 1 сур. қараңыз.



1 сур.

3. Монтаждау жүргізілетін орынның биіктігін анықтап алғаннан кейін, қабырғаның қажетті жерінен 3 тесіктіф8 бұрғылап тесіңіз.

4. Тесікке бітеуіштерді орнатыңыз, ауа сорғышының корпусын қатайту үшін бітеуіштерге ST4 X 30 мм болатын 2 бұранда жартылай ұзыннан бұрап кіргізіңіз, 2 сур. қараңыз.




2 сур.

5. Установите V-образную заслонку и преобразователь в


выходное отверстие тесігіне V-тәрізді жапқышты және өңдегішті орнатыңыз және оларды оқшаулағыш таспамен қатайтыңыз. Өңдегіштің шығу тесігіне кеңейтетін немесе қысатын құбыр-өтемдеуішті орнатыңыз және қамытпен бекітіңіз. Кеңейтетін құбыр жеткізілім жиынтығына кірмейді, 3 сур. қараңыз.

6. Ауа сорғышты қабырғаға бұрап кіргізілген бұрандаға іліп қойыңыз, 4 сур. және 5 сур. қараңыз. Асханалық ауа сорғышын бұрандаға орнатыңыз және корпусын сақтандырғыш бұрандамен бекітіңіз. Ескерту: Диаметрі 6 мм болатын екі сақтандырғыш тесік корпустың артқы жағында орналасқан.



3 сур.






4 сур.

5 сур.

## ОРНАТУ сору үшін AMARANTH / MILTONIA

Егер шығу тесіктері сыртқа қарайтын болса, онда асқаналық ауа сорғышын ауа өткізгіш сорғысы (эмальданған алюминий иілгіш құбыры немесе ішкі диаметрі 150 мм болатын тұтанбайтын материал) арқылы жалғауға болады, төмендегі сур. қараңыз.



1. Орнатпас бұрын құрылғыны сөндіріңіз және оны электр розеткасынан ажыратыңыз.



2. Асханалық ауа сорғышының еңқолайлы болуын қамтамасыз ету үшін ас пісіру бетінен алғандағы ара қашықтығы 65–75 см болатындай етіп орнатыңыз, 1 сур. қараңыз.

3. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында төбесі 120 кг кем емес жүкті көтере алатындай, ал қалыңдығы 30 мм асатындай етіп есептелу керек. Асханалық ауа сорғышы үшін қарастырылған жердің төбесіне  $\Phi 170$  мм болатын тесікті бұрап тесіңіз.

4. Монтаж панелін қолдана отырып, төбеге 9 тесікті бұрғылап тесіңіз. Ағаш төбелер үшін ST6 X 40 мм болатын 9 бұрданың көмегімен монтаж панелін, ал бетонды төбелер үшін 6 анкерлік бұрданың көмегімен панельді қатайтыңыз, 2 сур. қараңыз.

5. 1 сурет бойынша бұрыштық профильдің ұзындығын есептеңіз. Бұрыштық профильді және тіреуішті бекіту үшін M4 X 10 болатын 18 бұрданы, M4 сомынын және тығырықты қолданыңыз (Бұрыштық профиль 100 мм-ден артық аралықта кіру керек), 3 сур. қараңыз.






Рис. 1




2 сур.




3 сур.

6. М4 X 10 болатын 6 бұрданың көмегімен бұрыштық профильді асханалық ауа сорғышы корпусына бекітіңіз және құбыр-өтемдеуішті орнатыңыз, 4/5 сур. қараңыз. Ішкі сорып алатын мұржаны орнатыңыз.

7. Үш бұрыштық профильге тіреуді орнатыңыз. Содан кейін оны М4 X 10 болатын 6 бұрданың, М4 сомынының және тығырықтың көмегімен бекітіңіз, 6 сур. қараңыз.



4 сур.



5 сур.



6 сур.


8. 7 сур. қараңыз, ішкі сорып алатын мұржаны асханалық ауа сорғышының корпусына орнатыңыз.

9. 8 сур. қараңыз, құрылғыны көтеріп, құбыр-өтемдеуішті төбеден шығарыңыз. Содан кейін М4X10 болатын 6 бұрданың, М4 сомынының және тығырықтың көмегімен құрылғының бұрыштық профилін монтаж панеліне бекітіңіз.

10. 9 сур. қараңыз. Ішкі құбыр-өтемдеуішті созып, ST4X8 болатын 3 бұрданың көмегімен ішкі сорып алатын мұржаны монтаж панеліне бекітіңіз.



7 сур.



8 сур.




9 сур.

## ОРНАТУ сору үшін PETUNIA

1. Орнатпас бұрын құрылғыны сөндіріңіз және оны электр розеткасынан ажыратыңыз.




2. Асханалық ауа сорғышының ең қолайлы болуын қамтамасыз ету үшін ас пісіру бетінен алғандағы ара қашықтығы 65–75 см болатындай етіп орнатыңыз, 1 сур. қараңыз.




1 сур.

3. Қалыңдығы 30 мм-денасқанда немесе тең болғанда төбе 120 кг кем емес жүкті көтере алатындай болу керек.

4. М10Х 30 болатын бұрандалы төлкені монтаж панеліне орнатыңыз және бұрандалы төлкенің үстіңгі бөлігі монтаж панелінің үстіңгі бөлігіне шығып кетпеу үшін М10 екі сомынды пайдалана отырып, оны жақсылап тартыңыз, 2 сур. қараңыз.



2 сур.



3 сур.

5. УМ5 Х 28 болатын төрт реттемелі бұранданы орнатыңыз, реттемелі бұранданың айналасына сым арқанды ораңыз, сым арқанды қажетті ұзындыққа дейін реттеңіз және барлық 4 сым арқанның ұзындығын шамамен бірдей етіп М4 Х 10 болатын ілмекті бұранданың көмегімен жақсылап тартыңыз, 3 сур. қараңыз. (Сым арқанның ұзындығын 1 сур. бойынша есептеңіз).

6. Монтаж панелін қолдана отырып, төбеге монтаждау тесігін бұрап тесіңіз. Монтаж панелі ағаш төбеге ST6 Х 40 мм болатын жасырын бастиегі бар өздігінен оятын 8 бұранданың (немесе бетонды төбеге 4 анкерлік бұранданың ф6 Х 60) көмегімен бекітілу керек, 4 сур. қараңыз.

7. Сәндік панельді монтаж панеліне бекітіңіз, 5 сур. қараңыз.


8. Ауа сорғышты сым арқанға іліңіз және ST4 Х 8 мм болатын жасырын бастиегі бар өздігінен оятын бұранданың көмегімен сым арқан шығып кетпейтіндей етіп қатайтыңыз, 6 сур. қараңыз.



4 сур.




5 сур.




6 сур.

9. Сәндік панельді ысырыңыз, сол арқылы желіге қосуға арналған ауа сорғыштың бау сымын өткізіңіз. Электр тоғы соқпау үшін электр сымының оқшаулағыш таспамен дұрыс оқшауланғанына көз жеткізіңіз, 7 сур. қараңыз.

10. Сәндік панельді орнатыңыз, бір мезетте 4 сым арқанның арасындағы жүкті теңдей бөле отырып, ауа сорғышының қажетті деңгейде орналасуы үшін реттемелі бұранданы реттеңіз, сым тұтастырғышын пайдалана отырып, сым арқанның бойына қоректендіру бау сымын бекітіңіз, 8 сур. қараңыз. Орнату аяқталды.



7 сур.



8 сур.

## АУА ӨТКІЗГІШ СОРҒЫНЫ ОРНАТУ БОЙЫНША КЕҢЕС

Ауа өткізгіш сорғының тиімді болуын қамтамасыз ету үшін төменде берілген ережелерді қатаң түрде орындау керек:

- Құбыр-өтемдеуіштің ұзындығы барынша кіші және тік болу керек.
- Құбыр-өтемдеуіштің көлемін кішірейтуге және орналасуында шектеу болмау керек.
- Құбыр-өтемдеуішті қолдану кезінде қысымның жоғалуын төмендету мақсатында оны әрдайым созылған күйде орнату керек.
- Осы негізгі ережелерді сақтамау асханалық ауа сорғышы сипаттамасының нашарлауына әкеледі және шу деңгейін арттырады.
- Орнату бойынша кез келген жұмысты құзыретті маман немесе білікті электрик орындау керек.
- Асханалық ауа сорғыштағы ауа өткізгіш жүйесін желдеткіш жүйесіне, ендігіде қолданылып жатқан кез келген құрылғыға, мысалы қыздыру құбырына, газ құбырына, ыстық ауа құбырына жалғауға болмайды.
- Желдеткіш құбырдың иіліс бұрышы  $120^\circ$  кем болмау керек. Құбырды көлденең бағыттауыңыз керек немесе басқаша алсақ, құбыр бастапқы нүктеден сыртқы қабырғаға дейін көтерілу керек.
- Орнатқаннан кейін асханалық ауа сорғышының көлденең орналасқанына көз жеткізіңіз. Көлденең орнату ауа сорғышының бір бұрышына майдың жиналып қалуын болдырмайды.
- Орнату үшін таңдап алынған құбыр-өтемдеуіштің тиісінше стандарттарға сай және отқа төзімді екендігіне көз жеткізіңіз.

### ЕСКЕРТУ:

- Қауіпсіздікті сақтау бойынша осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта ұсынылған өлшемдегі бұрандаларды немесе бекіту құрал-аспаптарын ғана қолдану керек.
- Бұрандаларды немесе бекіту құралдарын орнату кезінде осы ережелерді сақтамаудың салдары электр тогының соғуына әкелу мүмкін.

## Түтін шығарғыштың техникалық сипаттамалары

Үлгілер	VERBENA	ZEBRINA, SALVIA, ZINNIA	TORENIA
Желі кернеуі	220В 50 Гц		
Ең көп жұмыстағы мотор қуаты	190 Вт		190 Вт
Шу деңгейі, ең аз	47 dB (A)		
Өнімділік	1030 м <sup>3</sup> /сағат – ауаның еркін шығуы		
Қысым	560 Па		
Жылдамдықтар	3		
Мотор түрі	Герметикалық		
Шамдардың түрі	Қызу 2 x 40 Вт	Галогендік 4 x 20 Вт	Галогендік 2 x 20 Вт
Қуат тұтыну сыныбы	A		

Үлгілер	LILIA, MILTONIA	ABELIA, AMARANTH, CAMELLIA, STEVIA, PETUNIA	ROSALIA
Желі кернеуі	220В 50 Гц		
Ең көп жұмыстағы мотор қуаты	190 Вт		
Шу деңгейі, ең аз	50 dB (A)		
Өнімділік	1030 м <sup>3</sup> /сағат – ауаның еркін шығуы		
Қысым	500 Па	350 Па	
Жылдамдықтар	3		
Мотор түрі	Герметикалық		
Шамдардың түрі	Жарық диодты 3 x 1 Вт	Жарық диодты 2 x 1 Вт	Жарық диодты 2 x 1,5 Вт
Қуат тұтыну сыныбы	A		

Үлгілер	CANNA	GASTERIA	MUSA
Желі кернеуі	220В 50 Гц		
Ең көп жұмыстағы мотор қуаты	200 Вт	100 Вт	
Шу деңгейі, ең аз	47 dB (A)		
Өнімділік	950 м <sup>3</sup> /сағат – ауаның еркін шығуы		
Қысым	340 Па	420 Па	
Жылдамдықтар	3		
Мотор түрі	Герметикалық		
Шамдардың түрі	Қызу 2 x 40 Вт		Галогендік 2 x 20 Вт
Қуат тұтыну сыныбы	A		

Үлгілер	<b>MAGNOLIA</b>	<b>RUTA</b>	<b>BERGIA</b>
Желі кернеуі	220В 50 Гц		
Ең көп жұмыстағы мотор қуаты	65 Вт		198 Вт
Шу деңгейі, ең аз	49 dB (A)	47 dB (A)	
Өнімділік	<b>800</b> м <sup>3</sup> /сағат – ауаның еркін шығуы		
Қысым	310 Па	300 Па	
Жылдамдықтар	<b>3</b>		
Мотор түрі	Герметикалық		
Шамдардың түрі	Жарық диодты 1 x 2 Вт	Галогендік 2 x 25 Вт	Қызу 2 x 40 Вт
Қуат тұтыну сыныбы	А		

Үлгілер	<b>BEGONIA</b>
Желі кернеуі	220В 50 Гц
Ең көп жұмыстағы мотор қуаты	100 Вт
Шу деңгейі, ең аз	47 dB (A)
Өнімділік	<b>550</b> м <sup>3</sup> /сағат – ауаның еркін шығуы
Қысым	300 Па
Жылдамдықтар	<b>3</b>
Мотор түрі	Герметикалық
Шамдардың түрі	Галогендік 2 x 40 Вт
Қуат тұтыну сыныбы	А

Үлгілер	<b>RUMIA</b>
Желі кернеуі	220В 50 Гц
Ең көп жұмыстағы мотор қуаты	198 Вт
Шу деңгейі, ең аз	47 dB (A)
Өнімділік	<b>450</b> м <sup>3</sup> /сағат – ауаның еркін шығуы
Қысым	250 Па
Жылдамдықтар	<b>3</b>
Мотор түрі	Герметикалық
Шамдардың түрі	Қызу 1 x 40 Вт
Қуат тұтыну сыныбы	А

## Электр қуатына қосу

- Қосуды сервистік орталықтың маманы және қолданыстағы РФ стандарттарына және Электр қондырғылардың құрылысы ережелеріне (ПУЭ) қатаң сәйкестікпен орындауы керек. Өндіруші (жабдықтаушы) түтін шығарғышты электр желісіне қосу кезінде қауіпсіздік талаптары сақталмаған жағдайда жауапкершілік алмайды.
- Электр желісінің параметрлері осы жабдықтауға қосуға мүмкіндік беретініне көз жеткізіңіз.
- Электр сымдар және кабельдер басылып кетпегеніне және қосылатын жабдықтың жұмыс бөліктеріне (мотор қалақтары, қайтаруға қарсы клапан) тиіп тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Түтін шығарғышты қосу үшін ашаны жерге қосылған, осы нұсқаулықта көрсетілген қажет электр параметрлері бар электр розеткасына қосу керек.

## Мүмкін жұмыс ақаулықтары

Қандай да бір ақаулықты тапқанда түтін шығарғышты өшіріңіз және ең жақын сервистік қызметке хабарласыңыз.

Ақаулық	Себеп	Әрекеттер
Басқару тақтасында стандартты ауыстырып-қосқышты басумен қосылмайды	Электр қуаты өшірілген	Құрылғы розеткаға қосуды екенін тексеріңіз
Төмен өнімділік (ауаның әлсіз шығуы) тіпті ең көп жылдамдықта да	Алюминий май сүзгілері ластанып кетті	Сүзгілерді тазалаңыз, құрғатыңыз және өздерінің орындарына орнатыңыз
	Көмір сүзгілері ластанып кетті	Көмір сүзгілерін жабдықтау ұйымына барып жаңасына ауыстырыңыз
Тарту күшінің болмауы (ауа еркін шықпайды)	Түтін шығарғыштың шығару арнасының ішіндегі кері (қайтаруға қарсы) клапан жұмыс істемейді	Сервистік қызметтің қызметтерін пайдаланып ақаулықты жою керек
Мотор бірнеше минут жұмыстан кейін қатты қызып кетеді	Құрылғының қауіпсіз жұмыс істеуі үшін жоғары температура	Түтін шығарғыш қыздыру бетіне тым жақын орнатылған
		Асүй нашар желдетіледі
		Сервистік қызмет маманына хабарласыңыз
Тамақ әзірлеу уақытында және түтін шығарғыш жұмыс істеп тұрғанда қатты иіс	Көмір сүзгілері орнатылмаған немесе ластанған	Рециркуляция режимінде көмір сүзгілерін орнату керек немесе жаңалырына ауыстыру керек

## Кепілдік және қызмет мерзімі

Біз осы асүй түтін шығарғышына 3 жыл мерзімімен кепілдік береміз. Егер түтін шығарғышты осы нұсқаулыққа сай пайдаланған болсаңыз, бірақ бұзылу бәрібір орын алса, ең жақын сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Кепілдік бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін тұрмыстық құрылғыны сатып алу чегін сатушы сату уақытында міндетті түрде толтыруы керек кепілдік талонымен бірге беру керек. Кепілдік талонын толтыруды талап етіңіз.

Бұлай істемеген жағдайда кепілдік міндеттемелерінің күші болмайды.


Асүй түтін шығарғышының қызмет мерзімі — 7 жыл.

## Кепілдік келесі жағдайларды қамтымайды:

- Осы нұсқаулықта немесе кепілдік талонында көрсетілген талаптар бұзылған.
- Түтін шығарғыш өндірістік немесе басқа мақсаттарда қолданылған.
- Жасап шығару күні түзетілген және оны түсіну қиын.
- Кепілдік мерзімі өтті.
- Сапалы емес орнату, дұрыс емес, сақтанбай, салақ қолдану орын алған.
- Желінің электр кернеуі түтін шығарғыш нұсқаулығының талаптарына сәйкес емес.
- Зақымдалуды бөгде зат тудырған.
- Түтін шығарғыш өкілетті емес сервистік станцияда жөндеуден өткен немесе жөндеу кезінде басқа өндірушінің қосалқы бөлшектері қолданылған.

Кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін барлық регламенттік жұмыстар, жөндеу және қосалқы бөлшектерді ауыстыру ақылы болады.

Бұйым еуропалық стандарттарға сай жасап шығарылған және сертификаттаудан өткен.



Бұл көрсетме үй меши кийим төменкү моделдерин арналған:

ABELIA, AMARANTH, BEGONIA, BERGIA, CAMELLIA, CANNA, GASTERIA,  
LILIA, MAGNOLIA, MILTONIA, MUSA, PETUNIA, ROSALIA, RUMIA, RUTA,  
SALVIA, STEVIA, TORENIA, VERBENA, ZEBRINA, ZINNIA.

**Құрметті сатып алушы,**

**“MBS” сауда белгісінің өнімін таңдағаныңызға рақмет.**



## Өндіруші

ГУАНДОНГ АТЛАН ЭЛЕКТРОНИК АППЛАЙНС МАНУФЭКЧЕРЕР КО., ЛТД.  
12 3 ИСТ РОАД, ДЖАНКУИ АВЕНЮ, ЛЕЛЮ, ШУНДЕ,  
ФОШАНЬ, ГУАНДОНГ, 528323, ҚЫТАЙ.  
МБС СТАРС ГРУП АГ ҮШІН.

## Сериялық идентификациялық нөмір

(Кепілдік талонында, мотордағы жапсырмада, қораптағы жапсырмада көрсетілген).

2011 01 01 170



1

2

3


1 – жыл

2 – ай

3 – бұйымның сериялық нөмірі







CE

EAC